Ауданда бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны қырық пайызға жуықтап қалды. Спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаттарында екі күміс, Азия чемпионатында үші қола медаль жеңіп алса, Қазақстан Республикасының чемпионаттарына, халықаралық, республикалық, облыстық жарыстарға қатысып, отыз алты алтын, алпыс үш күміс, жетпіс қола медальға қол жеткізді. Ауыл спортшыларының «Алтын күз-2022» облыстық спартакиадасында қазалылық спортшылар топтық есеп бойынша бірінші орынды иеленді. Өткен жылы «Ауыл-Ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде Қ.Пірімов ауылынан спорт кешені ашылды. Ү.Түктібаев ауылындағы спорт кешені биыл пайдалануға берілетіні белгілі. Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Жалаңтөс батыр, Бекарыстан би және Ғ.Мұратбаев ауылдарынан да спорт кешендерінің құрылысын бастау көп ұзамай шешілуі тиіс. Былтырдың өзінде 6


спорт алаңы ашылды. Ал Жанқожа батыр, Майдакөл, Бекарыстан би, Қ.Пірімов, Басықара, Ақсуат, Жанкент ауылдарындағы шағын спорт алаңдары биыл жөндеуден өтеді.

2023 жылға іске асыруға жалпы құны 12 млрд. 100 млн. теңгені құрайтын жобаларды «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары және «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылды.

3.3. Ауданның ауылдық елді-мекендерінің тұрақты дамуын кешенді бағалау

Қазалы ауданы бойынша ауылдық елді-мекендерде қалыптасуы тиіс инновациялық жағдайды сараптау және бағалау ауыл шаруашылығының инновациялық стратегиясын құру үрдісіндегі бастапқы кезең болуы керек. Бағалауды ұйымдастыратын өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті орган. Ол осы іс-әрекет саласындағы агроөнеркәсіптік кешен алдында тұрған негізгі мақсаттар мен тапсырмаларға қысқаша сипаттама беруден басталуы керек. Ауылдағы шаруа қожалықтарының нарықтық жағдайын сараптау мен бағалауға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл жағдайда әрбір шығарылған аграрлық өнім мен өнімдер тобының инновациялық потенциалына: қазіргі кезеңде қолданылып отырған инновациялық стратегиялар мен тәсілдерге: сыртқы және ішкі ортаға тән факторларды бөліп алып және бағалауға: бәсекелестердің бағдары мен әрекеттерін сараптап және бағалауға ерекше назар аударған жөн. Жалпы еліміз бойынша жүргізілген бағалау барысында Алматы, Қызылорда және Ақмола облыстарында негізінен ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін шағын және орта кәсіпорындарды дамытуға көңіл бөлінуі керектігі анықталды. Бұл аймақтарда өмір сүру деңгейі ең төмен болғандықтан, бұл жерлерде өнеркәсіп орындарын құрудың жеке жобаларын дайындап, іске асыру қажет.

Аудандық деңгейде ауылдық мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау барысында өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті орган «Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 239/НҚ бұйрығына сәйкес Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтау мақсатында жыл сайын жүргізіледі. Мониторингті өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті орган жүзеге асырады және мониторингті жүзеге асыру үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:



4 сурет – Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі үшін ақпарат көздері

Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [26]

4. Ауылдық мекендерін тұрақты дамыту тетігін қалыптастыру жолдары мен дамытудың бағыттары

4.1. Аудандық деңгейде ауылдық мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау

Қазақстан аумағының басым бөлігі айқын ауылдық сипатқа ие болуымен сипатталады. Сонымен қатар жабдықтаумен байланысты заманауи жаһандық сын-қатерлер жер шарының өсіп келе жатқан халқы азық-түлікпен қарсы күрес, климат пен су ресурстарына теріс әсер етуге жол бермеу кезінде ғана шешілуі мүмкін. Ауылдық жердегі елді мекендердің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ету, бұл тұрғыда сапалы өнімдерді өндіру бойынша міндет алдыңғы орынға тұрақтайды. Осыған байланысты орнықты даму жөніндегі бағдарламалар маңызды болып келеді.

Соңғы 15-20 жылда жаһандану үрдістерінің нәтижесінде өмірге терең трансформациялармен нарықтық шаруашылық тұрақты даму проблемасы туындады. «Тұрақты даму – өңірдің әлеуетін серпінді арттыру, бәсекеге қабілеттіліктің пайда болуы және халықтың өмір сүру деңгейін біртіндеп арттыру үрдісі. Халықтың өмір сүру деңгейінің өсуімен оның өмір сүру сапасы, демографиялық жағдайы жақсарады. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, мәдениетті, экологияны және табиғатты қолдау үшін қаражат бөлінеді» [11].

Тұрақты даму тұжырымдамасы: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыда даму. Бұл үш көрсеткіш бір-бірімен тығыз өзара байланысты, өзара тәуелді, және өзара бағынышты критерийлер.

Тұрақты даму үш компоненттің өзара әрекеттесу үрдісі болып анықталады. Бұлар: «халық-табиғат-шаруашылық» немесе «әлеуметтік сала-экология-экономика».

Тұрақты даму тұжырымдамасында алатын жаңа басымдықтар:

- өмір сүретін және де келешек толқынның әл-ауқаты;
- негізгі табиғи-экологиялық жүйелер;
- экономика-дамудың қозғаушы күші.

Әлеуметтік құрамдас бөлік әлемдік деңгейдегі әлеуметтік тұрғыдағы тұрақтылық жағдайы мен мәдени алуан түрлілікті сақтауға бағытталды. Бүгінгі әлеуметтік және экономикалық жағдайларға байланысты Қазақстанда ауылда жинақталған тұрақты дамуға көшуге кедергі келтіретін проблемалар: сапасы жеткіліксіз шектеулі мүмкіндіктері бар өмір ортасы ауылдардағы еңбек

деңгейінің төмендігі (қалалық көрсеткішпен салыстырғанда), жұмыс күшінің азаюы мен тозуы, және де ауыл халқының азаюы. Әлеуметтік-экономикалық сәйкессіздік бұл өсуді тудырады және депрессивті ауылдық аумақтардың пайда болуына әкеп соғады. Онда көптеген экономикалық, әлеуметтік және де экологиялық проблемалар одан да тереңдей түсуде [8].

Ауылдық мекендерді тұрақты түрде дамыту әлеуметтік-экономикалық дамуды түсіндіреді. Ауылшаруашылығы мен балық шаруашылығы өнімін өндіру мен көлемін ұлғайту, оңтайлылығын жетілдіру, бұл салада толық ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылу көрсеткішін артыру, сонымен бірге ауылшаруашылығы, тұрғын үй және кәсіпкерлік мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану. Тұрақты дамудың басқа да маңызды факторлары – саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени және этникалық.

Осыған сәйкес келесі мақсаттарға жету әрекеттері бағытталған:

- ауылдық мекендерде тіршілік етуге оңтайлы жағдай жасау;
- инвестициялық белсенділікті ынталандыру;
- ауылдық қоғамдастықтардың қатысуын жандандыру;
- жергілікті жердегі маңыздылығы жоғары міндеттерді шешу;
- ауылдық өмір салтына оң көзқарасты қалыптастыру.

Ауылдық мекендерді тұрақты түрде дамытудың негізгі міндеттері:

- ауыл халқының, оның ішінде жас отбасылар мен жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- елді мекен территорияларында ауқымды жайластыру деңгейін арттыру;
- әлеуметтік сала объектілерін кешенді жайластыруға бағытталған ресурстарды шоғырландыру және инженерлік инфрақұрылымдар;
- ауылдық жерде орналасқан елді мекендерде агроөнеркәсіп кешенін жетілдіру;
- ауылдық мекендерде өмір сүретін азаматтардың жергілікті бастамаларын гранттық көтермелеу;
- ауылдық мекендерді дамытудың салаларындағы жетістіктерді көтермелеу.

Осы міндеттердің барлық іс-шаралары ауылдық аумақтар және ауылшаруашылық орындарына ықпал етеді:

- пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;
- ауылдық жерлерде ақпараттық-консультациялық қызмет желісін кеңейту;
- шаруашылық жүргізудің шағын нысандарын қолдау;
- ауыл шаруашылығын жүргізудің дәстүрлі нысандарын сақтау [12].

Ауыл шаруашылығы – Еліміздің ауыл дамуының перспективалық тұрғыдағы бағыттардың негізі деуге болады. Бүгінгі күнге тұрақты даму тұжырымдамасы біздің елімізде дамуы өзекті және Қазақстанның тұрақты түрде дамуын қамтамасыз етудегі өңірлердің ролі әрдайым артуда. Сәйкес тұжырымдаманы жүзеге асыру туралы шаралар жиынтығы жоспарымен Қазақстан Республикасындағы ауылдық мекендерді 2020 жылға дейінгі аралықта тұрақты дамытуды мемлекеттік билік органдарының әзірлеуі

көзделеді. Қазақстан Республикасының өңірлік тұрақты даму бағдарламаларын дайындауда ауыл шаруашылығын дамытуда тұрақтылық, экономикалық және әлеуметтік дамудың салаларындағы шаралардың кешенін жүзеге асырумен қол жеткізіледі. Ауылдық елді мекендерде қоршаған ортаны қорғау сипатындағы, ал нақты ведомстволық бағдарламалар аясында ведомство негіздемесіне сәйкес келетін іс-шаралар енгізіледі. Дегенмен, осы міндеттемелер шеңберінде ауылдық мекендерді тұрақты түрде дамыту бойынша, өңірлік деңгейде әзірленген тұрақты даму элементтерінің бірін іске асыру қамтамасыз етілуі шарт. Табиғи жүйелердің және олардың өздігінен қалыпқа келу мен бейімделу қабілеті сыртқа әсерлерге тәуелді.

Осы міндеттердің нысаналы индикаторлары келесі:

- ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтар үшін, оның ішінде жас отбасылар мен жас жұмысшы-қызметкерлерге тұрғын-үйді енгізу (сатып алу немесе салу);

- тұрмысы төмен отбасылары мен мұқтаж отбасылардың санын төмендету;

- білім беру ұйымдарды (мектеп, балабақша), денсаулық сақтау мекемелері немесе практика дәрігерінің бөлмелері, спорт ғимараттары, мәдени ошақтары, газ тарту желілері, жергілікті су құбырларымен қамтамасыз етуді ұлғайту;

- жергілікті тұрғындарды ауыз су мәселесімен қамтамасыз ету;

- ауылдық аймақтағы елді мекендерде жинақы тұрғын-үйдің құрылысына алаңдарды кешенді жайластыру мәселелерін жүзеге асыру;

- ауылдық мекендер тұрғындарының жергілікті бастамаларын қолдау;

- гранттық қолдау.

4.2. Ауыл шаруашылығы саласында өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдаудың басым бағыттары

Еліміздегі өнім құрылымындағы тұрғын шаруашылықтарының үлесі 2000 жылы 32 пайыздан - 2020 жылы 65 пайызға дейін, шаруа қожалықтары үлесі 2 пайыздан - 23 пайызға дейін артқан. Ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі 66 пайыздан - 12 пайызға дейін қысқарған.

Бұл саладағы өндірушілер тұрғындардың ұсақ тауарлы жеке шаруашылықтарын құрап келеді. Бұлар ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемінен 87 пайыз ет, 93 пайыз сүт, 75 пайыз жұмыртқа, 80 пайыздай жүн, 86 пайыз картоп, 82 пайыз көкөніс, 71 пайыз бақша өнімдерін өндіреді.

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы экономикасының жағдайы өндірістің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігімен анықталып отыр. Талдау көрсеткендей, жай даму мен төмен тиімділік жағдайларының басты салдары:

- ауыл шаруашылығы саудасының экономикалық активті субъектілерін қалыптастыру процесінің аяқталмауы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінде орта және ірі шаруашылықтардың үлесі төмен, 15 пайыздан кем. Ұсақ тауарлы және табиғи өндірістің (тұрғындар шаруашылықтары) басым болуы ол өңірдегі аграрлық саланың дамытуда теріс көрініс береді. Өндіріске

ғылымды, заманауи үлгідегі ауылшаруашылығы техникаларын енгізуді, өндірістік үдерісті интенсификациялау мен механизациялау жағдайлары шектеліп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына бақылау төмендейді.

- ауылшаруашылық мәселесін денарықтық ортаның азаюы және нарықтық конъюктураның тез құбылуы.

Ауылшаруашылығы өнім өндірісінің рентабельділігі экономиканың басқа түрлерімен салыстырғанда орташа болып және кейбірқуаңшылық немесе су тапшылығы болған жылдары ауыл шаруашылығы өнімі өндірісі шығынды болды.

Мемлекет басшысы алға қойған міндеттері атап көрсеткен басымдықтары аясында ауылшаруашылығы саласының қызметкерлері үшін бірқатар субсидия түрлері көрсетілген. Онда, өсімдік шаруашылығы саласында ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіруге жұмсалатын шығындардың құнын субсидиялау ұсынылды. Бұған қоса, жеміс-жидектер мен көпжылдық жүзімнің көшеттерін отырғызуға, өсіруге (оның ішінде қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындардың құнын, минералды тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) бағасын субсидиялап, тұқым шаруашылығын, мақта, шитті мақтаның сапасына сараптама жасауға жұмсалатын шығындар құнын қаржыландыру қарастырылған (сурет 4.2).



4.2 сурет – Аграрийлерді мемлекет тарапынан қолдау тетіктері
Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [14]

Еліміздің Ауылшаруашылығы министрлігі таратқан ақпаратқа сәйкес Қазақстандағы аграрлық саланы субсидиялаудың жылдық көлемі осы саланың жалпы өнімінің 4-5% құрайды, бұл қалыпты деңгейден 4,1% төмен. Ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдау мөлшері жалпы ауыл

шаруашылығы өнімінің құнына шаққанда Швейцарияда – 79 %, Жапонияда – 74 %, Норвегия мен Исландияда – 72 %, Еуроодақ елдерінде – 46 %, Түркияда – 31 %, Польшада – 25 %, Канадада – 23 %, АҚШ-та – 15 %, Венгрияда – 14 %, Мексикада – 13 %, Чехияда – 12 %, Австрияда – 9 %, орташа есеппен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде – 38 %-ды құрайды.

Жалпы алғанда мал шаруашылығын дамыту бойынша асыл тұқымды мал мал алу мен мал шаруашылығы өнімдерін өңдеуге жұмсалатын шығындарды қаржыландыру қарастырылған. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан субсидия бөлу арқылы өңдеуші кәсіпорындардың өңделген сүт (құрғақ), тұрмысқа қолдатылатын май, ірімшік жасауға қажетті шикізаттарды сатып алуға жұмсалатын шығындарын, АӨК субъектілері жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеп беру жолдары қарастырылған.

Бұдан басқа, АӨК субъектілерін қаржылық қолдау (сауықтыру) мақсатындан есиелік және лизингтік міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемені қаржыландыру сонымен қатар мал, арнайы техника және технологиялық құрылғыларды сатып алуға арналған лизингтің сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау жолдары да қарастырылған. Сондай-ақ тексеру жүргізу одақтарының ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне ішкі аудит жүргізуге жұмсаған шығындарын мемлекеттік қаржылай қолдау тетіктері де көзделген.

Қазіргі кезеңде заманауи үлгідегі технологияларды алуға және сыртқа шығатын өнімдерге мемлекет тарапынан қолдау шараларын жүргізу жолға қойылған. Атап айтқанда, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту мақсатында селекциялық және асыл тұқымды ірі қара мал, уақ мал шаруашылығына жұмсалатын шығындарды арзандату қарастырылған. Оның ішінде, отандық және шетелдік шаруашылықтардан асыл тұқымды ірі қара малы, уақ мал, шошқа, түйе, марал сатып алуға жұмсалатын шығындар қысқартылды.

Асыл тұқымды малды асырау, өсіру және оны тарату орталықтарындағы жасанды ұрықтандыруға қолданылатын арнайы құрылғыларға жұмсалған шығындардың 50 пайызына дейін өтеу көзделген. Сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру үшін бұқаларды бордақылау, қозы, шошқа, жылқы, түйе, құс еттерін, жұмыртқа, сүт, жүн өндірісін, жем құнын арзандату қарастырылған.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының құрғақ сүт, сары май және ірімшік өндіру үшін шикізат сатып алу шығындарын субсидиялау бағдарламасы бойынша жыл сайын 85-тен астам сүт өңдеу кәсіпорындары қаржылай көмектер алып келеді. Осының аясында, биыл осы мақсатта шикізат сатып алу шығындарын қаржыландыруға 6,4 млрд теңгеге өтінім жасалған. Бүгінге оның 5,2 млрд теңгесі немесе 80,6 пайызы игерілді. Қаржыландыруды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырып келеді.

2022 жылы 81,6 мың бас ірі қара малын сатып алу үшін 824 шаруашылыққа кредит берілді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 48,2 мың

бас алу үшін 502 шаруашылыққа несие берілді. Ал 1003 шаруашылыққа 352,1 мың бас көлемінде ұсақ аналық мал басын алу үшін қаржылық қолдаулар көрсетіліп, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 218 мың басқа және 605 шаруашылыққа ұлғайды.

«Ырыс» бағдарламасымен 4340 басқа бейімделген 6 өнеркәсіптік тауарлық сүт фермасымен 713 басқа арналған 9 отбасылық тауарлық сүт зауыты іске асырылды. (2022 жылы — 6 мың басқа арналған 18 отбасылық, 7 өнеркәсіптік тауарлық сүт фермасы).

Ауылшаруашылығы саласының бірден бір көрсеткіші ол - машина-трактор паркін жаңарту жұмыстарын жүргізу. Бұл мәселе күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселердің бірі. Сондықтан, субсидиялаудың тиімсіз жақтарын қысқартып, қолдағы мемлекеттік қолдау ресурстарды пайдаланып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жаңа техникаларға қол жеткізу. Мысалға алатын болсақ, отандық және шетелдік техниканы алу барысында инвестиция есебінің шығыстарын субсидиялау кезеңінде біркелкі шарттармен қаржылық қолдаулар қарастыру жолдары ұсынылады.

Бұл кезде, субсидияны төлеу көлемі ауылшаруашылығы техникасы құнының 25 пайызын құрайды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы орган өкілдері субсидиялау мөлшерін өңірлер қаражаты есебінен арттыруға (35%-ына дейін) мүмкіндігі бар.

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілер импорттаушы елдердің фитосанитариялық және ветеринариялық талаптарымен келісу бойынша жоспарлы жұмыстар жасауда.

2022 жылы 43 млн. доллар болатын 80,4 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталды. Оның ішінде күріш, балық өнімдерімен қатар, бидай қалдығы, қамыс, қауын, қарбыз, көкөніс, қызанақ өнімдері шетелдік нарықта шығарылған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда экспорт көлемі 170,6 пайызды құрады. Бұл дегеніміз сыр өнімдері әлемнің 21 мемлекетіне экспортталды дегенді білдіреді.

Еліміздегі «Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында мемлекет тарапынан көрсетіліп жүрген қолдау Қазалы ауданы бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының дамуына тиімділігі аса зор.

Екіншілік саласына байланысты 2022 жылы 248151343 теңге субсидия төленді. Оның ішінде минералды тыңайтқышқа 100474330 теңге бөлінді. «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Мемлекетіміздің Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына орай Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 9 сәуірдегі қаулысымен сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия ережесіне сәйкес нарықтағы ең төменгі бағасының 50 проценті төленді. «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидалары бойынша ҚР АШМ-нің 2021 жылғы 12 желтоқсандағы бұйрығы мен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысымен сатып алынған

тұқымға 10963714 теңге қарастырылды. Бекітілген талап күріштік алқап шығындарын жабуға қолданылумен бірге жүгері дақылына 50 пайыз төленді.

4.3. Ауыл шаруашылығы саласында өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін мемлекеттік қолдауды жетілдіру жолдары

Бірнеше жылдан бері көтеріліп, қордаланған мәселелерден толыққанды шешілмей келе жатқан бағыт – ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін құрудың маңыздылығы ағымдағы жылы қабылданған «Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында» тағы көтеріліп отыр [29]. Себебі, ауылдағы кооперативтің тиімділігін шетелдік тәжірибе дәлелдеп отыр. «Мәселен, АҚШ-та 1950 жылдан 2006 жылға дейін шағын шаруа қожалықтарының саны 3 есеге, ал орта шаруа қожалықтарының иелері 2 есеге қысқарды. Мемлекеттік ауқымды қолдауға қарамастан, осы кезеңде орта есеппен жылына 200 мыңға жуық ұсақ шаруа қожалықтары өз қызметін тоқтатты. Бұл шығындардың 70 пайызға дейіні бұрын мемлекет тарапынан қаржыландырылғанына байланысты. Американдық ғалымдардың болжамы бойынша, бұл көрсеткіш жалғаса беретін болса, жақын арада елдегі шаруа қожалықтарының саны 1,2 миллионнан аспауы мүмкін. Олардың ішінде 50 000 ірі шаруа бірлестігі (фермерлердің жалпы көлемінің 5%) ауылшаруашылық өнімдерінің төрттен үш бөлігін өндіреді және АҚШ халқын азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Канададағы жағдайды ескере отырып, ірі фермерлік шаруашылықтардың тәжірибесіне қызығушылық артып отыр, өйткені ірі шаруашылықтарды біріктірудің жалпы үлесі 70 пайыздан асады» [5].

Ауылдық елді мекендердегі кооперативтер мен кооперацияның дамуының үлгісі ретінде Үндістан мемлекетінің тәжірибесін алға тартуға болады. Бұл мемлекетте Ұлттық кооператив одағы мен Ұлттық кооперацияны дамыту корпорациясы тұрақты түрде жұмыс жасайды [29].

"Ұлыбританияның аграрлық секторы мал азығын жинау алаңдарында, тыңайтқыш зауыттарында және басқа да агроөнеркәсіптік кешендерде ауылшаруашылық техникасын бірлесіп пайдалану тәжірибесін қалыптастырды. Швецияда, Данияда, Норвегияда, Финляндияда сату және қызмет көрсету кәсіпорындарының, өңдеуші кәсіпорындардың кең желісі бар. Кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салалары арасындағы тұрақты байланыстарды басшылыққа ала отырып, жүйе арқылы ауыл шаруашылығы ұжымдары ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80 пайызға дейінін осында өндіреді» [6].

Жапонияда ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың негізгі мақсаты тауар өндірушілерді ауыл шаруашылығы тауарларымен қамтамасыз ету, өнімді өндіру және өткізу, сонымен қатар несиелік өндірістік кооперативтер болып табылады.

Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, ірілендіру ауыл шаруашылығының барлық салаларында маңызды жұмыстарды дәлелдеді. Біріктірудің жоғарыда аталған принциптері еңбекті ынталандыру, табысты әділ бөлу, өндірісте

туындайтын қайшылықтарды азайту сияқты бірқатар артықшылықтарға негізделген. Сонымен қатар, шоғырландыру процесіне тасымалдау, сақтау, сату және өндірістік қызмет көрсетумен айналысатын бөлімшелер кіруі керек. Осылайша, ынтымақтастық процесін кең ауқымда түсінуге болады. Бұл, біздің ойымызша, тығыз экономикалық ынтымақтастық пен тауар өндірушілер бірлестігінің мысалы. Нәтижесінде екі немесе одан да көп адамды қамтыған шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарды өндірістік кооперативтерге біріктіру ірі тауар өндіруші корпоративтік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын және олардың бірлескен ұйымдастыру үлгілерін тануға алып келеді. Олар жалпы экономикалық тиімділік үшін біріктірілген, сонымен қатар шикізаттан бастап, дайын өнімді нарыққа шығару жолдарына дейін өндірістік циклдің барлық кезеңдерін толығымен қарастыруы керек. Ең бастысы, өндірістік кооператив мүшелері экономикалық тұрғыдан дербес, жеке өндіріс орындары болуы, өндірген өніміне иелік ету және өндірістік кооперативтің әрбір мүшесінің жер үлесіне сәйкес алған пайдасын бөлісу керек. Яғни, интеграциялық және кооперация үдерісін дамыту экономикаға инновациялық технологияларды енгізуге, жекелеген өнімдерге сұранысты арттыруға және сапаны жақсартуға мүмкіндік береді. «Өндірістік кооперативтер өндірілетін өнім санын көбейтуге (диверсификациялауға) жағдай жасайды. Әрбір шаруашылық өзінің өндірістік қызметінің бір бөлігі ретінде жер өңдеу, аулалық мал шаруашылығына жағдай жасау, өнімді қайта өңдеу, техникалық қамтамасыз ету сияқты бірқатар операцияларды жүзеге асырады. , өнімдерді сатып алу. Осы ресурстарды біріктіріп, бірігіп жұмыс істеу арқылы өндірістен түсетін пайданы бірнеше есе арттыруға болады»[7].

Ғылыми-техникалық даму өндірісті үнемі қайта жандандыруды талап ететіні белгілі. Шағын шаруа қожалықтары жаңа технология мен заманауи техниканы толық пайдалана алмай отыр. Соның салдарынан ірі және шағын кәсіпорындар арасында өндірістік көрсеткіштерде айтарлықтай алшақтық бар. Бейімді кооперация қызметіне байланысты немесе белгілі бір өнім өндіруге маманданған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын біріктіру арқылы құрылады. Сондықтан олардың құқықтық мәртебесі мен экономикалық дербестігі сақталады.

Өндірістік кооперативтердің тікелей үлгісі өнім өндіруші шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірлестігі ғана емес, сонымен бірге олар өндірген өнімді сақтау, тасымалдау, өңдеу және тұтынушыға жеткізу болып табылады. Осыған байланысты кірістің аз ғана бөлігі жалпы басқаруға беріледі. Бұл үлгі маркетингтік қызметті кеңінен дамытуға, республиканың жекелеген аймақтарының сыртқы және ішкі нарығын бақылауға айтарлықтай мүмкіндік береді. Бұл халық шаруашылығының басқа салаларында агроөнеркәсіптік интеграцияны дамытуға, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуге, сондай-ақ жер, еңбек және материалдық ресурстарды, тауар айналымын азайтудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми-техникалық даму өндірісті үнемі жаңартып отыруды талап ететіні белгілі. Шағын фермерлер жаңа технологиялар мен заманауи

жабдықтарды толық пайдалана алмайды. Нәтижесінде ірі және шағын кәсіпорындар арасында өндірістік көрсеткіштерде айтарлықтай алшақтық бар. Процеске қатысушылар арасында ынтымақтастықтың екі түрі бар: "түзу" (тік) және "көлбеу" (көлденең). Бейім кооперация қызмет түріне байланысты немесе белгілі бір өнімді өндіруге мамандандырылған ауылшаруашылық кәсіпорындарын біріктіру арқылы құрылады. Осылайша, олардың құқықтық мәртебесі мен экономикалық тәуелсіздігі сақталады.

Өндірістік кооперативті шаруашылықты құрудың басты шарты-оны ұйымдастыру үшін біріктірілген кәсіпорындар мен фермерлердің мүдделерін сақтау. Қызметтің мақсаты мен сипатына қарай ынтымақтастықтың мынадай түрлерін ажыратуға болады: тұтыну, өнеркәсіптік, коммерциялық, жабдықтау, сату, Кредиттеу, тұрғын үй құрылысы және т.б. Қазақстан бірнеше жылдан бері шағын фермерлік шаруашылықтарды кооперациялау бойынша жұмыс істеп келеді. Алайда, шағын шаруа қожалықтары өндірістік кооперативке өз еркімен кіруге ынталы емес. Ал ынталандырушы экономикалық және басқа тетіктердің болмауына байланысты ауыл тұрғындары жарналар бөлуге келіспейді. Елдегі ынтымақтастық тиісті деңгейде дамымағандықтан, қолданыстағы заңнама оларды қалыптастыру және өнімді жұмыс істейтін ауылдық жерлерде кооперацияны дамыту үшін жағдай жасаудағы барлық кедергілерді жоюы керек.

Бүгінгі таңда елде өндірілетін өнімді субсидиялау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ауылшаруашылық жерлерін үнемді пайдалануға, агроөнеркәсіптік кешеннің жұмысын жақсартуға ықпал етеді. Өндіріске жаңа технологиялар мен инфрақұрылымды енгізу ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыруға ықпал ететін болады. Мұнда біз ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының негізі ынтымақтастық екенін түсінуіміз керек. Осыған байланысты Президент шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің орта деңгейге өтуі үшін жағдай жасау және шоғырландыру үшін алғышарттар жасау міндетін қойып отыр. Бұл талаптарды орындаудың негізгі тәсілі-шағын шаруа қожалықтарыды кооперацияға біріктіру және кластерлік аумақтарды дамыту. Ірі шикізат кәсіпорындары ауыл шаруашылығы секторын жаңғырту және алдыңғы қатардағы озық агротехникалық іс-шараларды тиімді қолдану үшін қажет. «Қазіргі уақытта Қазақстанда өндірістік кооперативке кіретін шаруа қожалықтарының үлесі 1,5 пайыздан аспайды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметі бойынша, бұл көрсеткіштер дамыған елдерде өте жоғары»[8].

"Бүкіл әлемде өндірістік кооперативтік қозғалыс ауыл шаруашылығы өндірісінің 100% және тамақ өнеркәсібінің 45-50% қамтиды. Еуропа елдерінде ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтері азық-түліктің 60% - на дейін өндіреді. АҚШ - та өндірістік кооперативтер ауылшаруашылық өнімдерінің 30% сатады. Жапонияда ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі өндіретін өнімнің 90%-ы қайта өңделеді және нарыққа сатылады және фермерлерге Ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарының 80% - қамтамасыз етеді"[9] айта кету керек, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, кооперация Агроөнеркәсіптік

кешенде үлкен рөл атқарады. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде тұратын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауылшаруашылық жерлерінің ұтымдылығы мен құнарлылығын сақтауға, адами капиталды арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін сақтауға ықпал етеді. Бұл бағытта біздің ғалымдар өндірістік кооперативтің түрлері мен нысандарын негіздеу, оның жұмысы мен кірісін құрылтайшылар арасында әділ бөлуді реттейтін құқықтық құжаттарды дайындау, өндірістік кооперативтің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті инновациялық технологияларды әзірлеу және өндіріске енгізу бойынша қызметтер көрсетеді.

Шағын бизнес құрылымдары өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновацияларды енгізу, Халық денсаулығы үшін қауіпсіз жоғары білікті мамандардың тұтыну тауарлары мен қызметтерін пайдалану мәселесін жалғыз өзі шеше алмайды.

Ауыл шаруашылығы әлі де инвестиция тарту үшін тиімсіз сала болып қала береді. Оған тартылған инвестициялардың жалпы көлемінің үлесі 2,3 пайыздан аспайды. Мұнда мемлекеттік қолдау қажет [10].

Жалпы, еліміздегі ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінің даму моделі Жаңа Зеландиялық Фронтерра және Даниялық Арла үлгісінде қабылданған. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруды жүйелеу үшін облыста индикативті жоспар дайындалып, жеке қосалқы шаруа қожалықтарын кооперациялау жұмыстары 2017 жылы басталып кетті. Нәтижесінде сол жылдың өзінде облыста 1250 жеке қосалқы шаруашылықтың басын біріктірген 48 ауылдық кооператив пайда болды.

Қызылорда облысында қазіргі таңда 233 ауылшаруашылығы кооперативтері табысты еңбек етуде. Жергілікті атқарушы орган шешімімен бірігу үрдісін тартымды, әрі жұмсақ өткізу мақсатында кооперативтердің шығынының 50% жабуға көмек қарастырылған. «Ауыл шаруашылығы кооперативтері» туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңының 13-бабы «Агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті органның құзыреті» ...ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметіне қатысты қолайлы салықтық, қаржы-кредиттік, инвестициялық саясатты құру... деп көрсетілген, біздің ойымызша «қолайлы» ұғымын нақтылау қажет секілді. Мәселен, «кооператив құрылғаннан кейін алғашқы 3 жыл көлемінде салық төлеуден босатылсын» деген секілді. Себебі «қолайлы саясат» ұғымы уәкілетті орган түсінігінде әртүрлі қабылдануы мүмкін.

Салыстырмалы түрде 2021 жылы облыс көлемінде 451 шаруа бас біріктірген 161 ауылшаруашылығы кооперативтері еңбек еткен. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бағытында 2022-2025 жылдарға арналған «алқаптан сөреге дейін» ауылда кооперациялық тізбекті дамыту жөніндегі жол картасы бекітілді, ал бұл дегеніңіз нағыз ауылшаруашылығы кластері.

2017 жылғы дерек бойынша Қазалы ауданының ауылдық округтерінде 38 ауылшаруашылығы кооперативі құрылған. Кооперативтердің жиырма жетісі - мал шаруашылығы, 9 – егін шаруашылығы, біреуі мал шаруашылығы мен мал

өнімдерін өндіру және 1-і көкөніс өнімдерін өңдеумен айналысады. Ағымдағы жылдың 1 сәуірдегі жағдайы бойынша аудандағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінде тіркелген мал басы саны (Кесте 4) берілген.

4 кесте – Қазалы ауданы ауыл шаруашылығы кооперативтерінде тіркелген мал басы

№	Түлік атауы	Мал басы саны
1	Мүйізді ірі қара	13252
2	Қой	16692
3	Ешкі	6665
4	Жылқы	13219
5	Түйе	18775
Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [14]		

Қазақстан Республикасындағы ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазалы ауданында тіркелген ауыл шаруашылығы бағытындағы жер пайдаланушылардың тізіміндегі 407 субъекттің ірілі-ұсақ шаруа қожалықтары негізінде ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерін құру жылдам өзгеретін технологиялар заманында мақұлдайтын іс болары сөзсіз.

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру барысында ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру арқылы -

- субъект нысанын ірілету,
- ортақ машина-трактор паркін пайдалану,
- қатысушылардың жарғылық капиталға енудегі үлесіне сәйкес экономикалық пайда,
- саладағы тәуекелдерге қарсы біріккен іс-қимылдар,
- ауыл шаруашылығы кластерлерін дамыту,
- сыртқы нарыққа отандық өнімді жеткізу логистикасы мәселелері өзінің оң шешімін табады деп күтілуде.

Сайып келгенде ауылды елді мекендердегі шаруа қожалықтарының кооперациясы

- сол елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын түзеуге,
- жұмыссыздық пен NEET-санатындағы жастардың тұрақты жұмыс орнымен қамтылуына,
- тұрғылықты халықтың әл-ауқатының артуына,
- сала бойынша әлемде шығып жатқан жаңа трендтерден қатысушылардың тең дәрежеде хабардар болуына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Еліміздің мемлекеттік аграрлық саясаты әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты кезеңінде ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, отандық ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға, сонымен қатар ауылшаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын жер және басқа да табиғи ресурстарды сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған. Осылайша, жоғарыда аталған тетіктерді іске асыру ауылдық аумақтарды дамыту процесінде оң әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер етеді. Дегенмен, мұндай жұмыстарды жүргізу күрделі, көп уақтты қажет етіп, үлкен соманы талап қылатын үдеріс болып келеді, өйткені қазіргі кезеңде еліміздегі көптеген ауылдарда әлі күнге дейін инженерлік инфрақұрылымы жүргізілмей, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы мен қажетті төлемдері қарастырылмаған. Жұмыссыздық мәселесі жоғары болып, өзін өзі жұмыспен қамтығандардың саны жылдан жылға артуда. Осы орайда ауылдық елді мекендердің даму мониторингі елді мекеннің дамуын бағалап, оны дамудың жаңа деңгейіне шығара алатын қандай да бір ауылдық аумақ үшін дамудың дұрыс бағыттарын таңдауға көмектеседі деп санаймыз;

Қазалы ауданының жалпы әлеуметтік және экономикалық даму қарқынына жүргізілген талдау барысында өткен есептік кезеңдермен салыстырғанда (тұрғын-үй құрылысы, ауыл шаруашылығы, жол құрылысы және/немесе жөндеу, ауыл шаруашылығы бағыттарында) біршама даму тенденциясы бар екендігі анықталды. Салалар бойынша ауыл шаруашылығы бағытында егін, мал шаруашылығы өнімділіктің жоғары көрсеткішіне қол жеткізілген. Аудан құрамындағы ауылдық аймақтардың халық санын талдай отырып, демографиялық өсім бар екендігі анықталды. Сыртқы сауда әріптестері Батыс Еуропа елдері Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланд елдеріне тұрақты түрде тауар экспортталады. Мәселен былтыр 5 мың тонна өнім жөнелтілді;

Мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға көрсетіліп жүрген қолдау Қазалы ауданы бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының дамуына тиімділігі аса зор. Статистикалық мәліметтерді талдау барысында Қазалы ауданы көлеміндегі ауылдық елді мекендерде орналасқан шаруа қожалықтары тарапынан мемлекеттік қолдаудың келесі формалары сұранысқа ие екендігі анықталды, олар – егіншілік, тыңайтқыш, тұқым шаруашылығына субсидия;

Ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру барысында ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру арқылы субъект нысанын ірілету, ортақ

машина-трактор паркін пайдалану, қатысушылардың жарғылық капиталға енудегі үлесіне сәйкес экономикалық пайда, саладағы тәуекелдерге қарсы біріккен іс-қимылдар, ауыл шаруашылығы кластерлерін дамыту, сыртқы нарыққа отандық өнімді жеткізу логистикасы мәселелері өзінің оң шешімін табады деп күтілуде. Сайып келгенде ауылды елді мекендердегі шаруа қожалықтарының кооперациясы сол елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын түзеуге, жұмыссыздық пен НЕЕТ-санатындағы жастардың тұрақты жұмыс орнымен қамтылуына, тұрғылықты халықтың әл-ауқатының артуына, сала бойынша әлемде шығып жатқан жаңа трендтерден қатысушылардың тең дәрежеде хабардар болуына мүмкіндік береді.

Қызылорда облысында қазіргі таңда 233 ауылшаруашылығы кооперативтері табысты еңбек етуде. Бірігу үрдісін тартымды, әрі жұмсақ өткізу мақсатында мемлекет тарапынан кооперативтердің шығынының 50% жабуға көмек қарастырылған. Салыстырмалы түрде 2021 жылы облыс көлемінде 451 шаруа бас біріктірген 161 ауылшаруашылығы кооперативтері еңбек еткен. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бағытында 2022-2025 жылдарға арналған «алқаптан сөреге дейін» ауылда кооперациялық тізбекті дамыту жөніндегі жол картасы бекітілді, ал бұл дегеніңіз нағыз ауылшаруашылығы кластері. 2017 жылғы дерек бойынша Қазалы ауданының ауылдық округтерінде 38 ауылшаруашылығы кооперативі құрылған. Кооперативтердің жиырма жетісі - мал шаруашылығы, 9 – егін шаруашылығы, біреуі мал шаруашылығы мен мал өнімдерін өндіру және 1-і көкөніс өнімдерін өңдеумен айналысады.

1. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» № 121-VI Заңының 117-бабы, 5 тармағында «Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің кірістері бойынша жеке табыс салығын есептеу» осы Кодекстің 78-тарауында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі делінген. Осыған сәйкес, «Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін кооператив құрылғаннан бастап алғашқы 3 жыл көлемінде салық төлеуден босатылсын» деген жолдармен өзгерту ұсынылады. *(ҚҚС, кооперативтік табыс салығы, әлеуметтік салық)*

2. Осы баптың 3 тармағында «ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдеседі» делінген. Алайда бұл бағытта бизнес оқытулар, отандық және шетелдік тәжірибелер қарастырылмаған. Осыған сәйкес "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 660 Қаулысының 9-бабы 5 тармақшасы келесі редакцияда толықтырылуы тиіс: «Өңірлердегі Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жанынан Ұлттық кооператив одағын құру»,

нәтижесінде Ұлттық кооператив одағының қызметі кооперативтік қозғалысты ілгерілетуге және дамытуға, адамдарды кооператив секторын құру мен кеңейтуді үйретуге және көмектесуге бағытталады.

Қабылданатын шаралардың нәтижесінде көптеген ауыл тұрғындарын кооперативтік қозғалысқа қатыстыруға қол жеткізіледі және ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартып, кедейлікті төмендетіп, жаңа жұмыс орындарын құру мен азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер етеді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысындағы «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл» жоспарының 23 тармағын «Кооперативтерге берілетін несие алу жолдарын жеңілдету тетіктерін қарастыру. Ол үшін несие серіктестерінің қатысуынсыз, тікелей екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізу және кепілге алынатын жылжымалы, жылжымайтын мүліктермен қатар, алынатын заттай мүліктерді (мал, ғимарат, құрылғы тағы басқалары) кепілге қою жолдарын реттеу керек. Нәтижесінде несие алу жолдары жеңілдетіліп, кооператив ашу мүмкіндіктері жоғарлайды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Устойчивое развитие сельских территорий: подходы к разработке региональных и муниципальных программ / Серия обучающих пособий «RUDECO Переподготовка кадров в сфере развития сельских территорий и экологии» – М., – 2012, – 86 с.

2 «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан халқына Жолдаған жолдауы, Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жыл.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1995. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. Жүгінген күні: 20.04.2023.

4 Баутин В.М. Ауылдық аймақтардың орнықты дамуы. – М.: Росинформагротех, 2004. – 312 с.

5 Мерзлов А.В. и др. Введение в устойчивое развитие сельских территорий: Важнейшие понятия и теоретические основы: серия учебных пособий «RUDECO Переподготовка кадров в области устойчивого развития сельских территорий и экологии». – М., 2012. – 57 с.

6 Меренкова И.Н. Устойчивое развитие сельских территорий: теория, методология, практика – Воронеж: ГНУ НИИЭОАПК ЦЧР России, Россельхозакадемии, 2011. – 264 с.

7 Мерзлов А.В. Устойчивое развитие сельских территорий (теория, методология, практика): автореф. дис. докт. экон. наук. – М., 1999. – 35 с. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ustoychivoe-razvitie-selskih-territoriy>. Жүгінген күні: 20.04.2023.

8 Ресей Федерациясы ауылдық аймақтарының 2020 жылға дейінгі орнықты даму тұжырымдамасы. [Электронды дерекқор]: Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулысы 30.11.2010 ж. № 2136-р. URL: <http://www.mcx.ru/navigation/docfeeder/show/342.htm>. Жүгінген күні: 20.04.2023.

9 Першуквич П.М., Тю Л.В., Гриценко Г.М. Состояние и перспективы социально-экономического развития агропромышленного производства Сибири // Сибирский вестник сельскохозяйственной науки. – 2014. - №5. – С. 131.

10 Парасатты экономика / оқулық / Исабеков Б. Н. / Астана, 2017 жыл

11 Дервянкин А.В. Стимулирование перехода на прогрессивный технико-технологический уровень в основных отраслях сельского хозяйства Сибири // Вестник КрасСГАУ. – 2014. - №12 – С. 3 - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/stimulirovanie-perehoda-na-progressivnyy-tehniko->

Жүгінген күні: 20.04.2023.

12 Едренкина Н.М., Крачнакова Л.М., Мельникова О.И. Приоритетные направления повышения занятости сельского населения Сибири // Сибирский вестник сельскохозяйственной науки. – 2012. - №3 – С. 109.

13 Barjolle D., Sylvander B. PDO and PGI products: market, supply chains and institutions — Protected Designations of Origin and Protected Geographical Indications in Europe: Regulation or Policy?; FAIR — CT 95 — 0306, Final Report, European Commission, 2000.

14 Қызылорда облысы әкімдігінің ресми сайты [Электронды ресурс]: [сайт]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=kk> – Атауы экраннан. Жүгінген күні: 19.04.2023.

15 Brandt H. Ansatzpunkte armutsorientierter Agrarentwicklungspolitik. Deutsche Institut fur Entwicklungspolitik. Bonn, Oktober 2002. — 87 s.

16 Стаматиадис, М., & Кузнецова, Е. Инновации и технологии в сельском хозяйстве: тенденции и перспективы. Экономика сельского хозяйства России, 2019. № 1 – С. 14.

17 Лаптев, В.В. Устойчивое развитие сельских территорий: теоретические и практические аспекты. Вестник Российского экономического университета имени Г.В. Плеханова, 2017. - № 4(16) – С.74.

18 Иванова, Е.А., & Ткаченко, А.П. Развитие инфраструктуры сельских территорий как фактор повышения качества жизни населения. Экономика и управление, 2020. – С. 653.

19 Богомолова, Т.С., & Петрова, Е.Н. Роль государства и местных органов власти в стимулировании развития сельских территорий. Управление экономическими системами, 2018. 2, 33.

20 Малыхина, Т.В. Демографические процессы и миграция на сельских территориях: теоретические и практические аспекты. Вестник Томского государственного университета. Экономика, 2016. № 2(34), 144.

21 Степанова, В.С., & Жукова, М.А. Развитие сельского туризма как фактор социально-экономического развития сельских территорий. Региональная экономика и управление, 2019. № 3(27), 60.

22 Рыжакова, О.И., & Балаева, Е.В. (2018). Образование и медицина на сельских территориях: проблемы доступности и качества. Вестник Российского гуманитарного научного фонда, 1(94), 31.

23 Шестакова, Н.С., Григорьева, Е.С. Дистанционные технологии в повышении доступности образования и медицинских услуг на сельских территориях. Вестник Челябинского государственного университета, 2020. № 1(443), 121.

24 Зубарева, О.Н., & Карпова, М.С. Комплексный подход к развитию сельских территорий: теория и практика. Региональная экономика: теория и практика, 2019. № 6 – 1123с.

25 Шумакова О.В., Рабканова М.А. (2014) Устойчивое развитие сельских территорий: понятие и сущность // Фундаментальные исследования. – № 8 (часть 7) – С. 1643-1646.

26 «Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 239/НҚ бұйрығы. Астана, 2013. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008851/history> - Жүгінген күні: 22.04.2023.

27 Ауылшаруашылығы бөлімінің атқарылған жұмыстары туралы [Электронды ресурс]: Қазалы ауданының әкімдігі: [сайт]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-kazaly/press/article/details/8855?directionId=2653&lang=kk> – Жүгінген күні: 19.04.2023.

28 «Экология» Ұлттық жобасы [Электронды ресурс]: Ұлттық жобалар: [сайт]. - URL: https://xn--80aapampemcchfmo7a3c9ehj.xn--plai/projects/ekologiya?utm_source=MK_spec&utm_medium=Partner&utm_content=All&utm_campaign=ekologiya. Жүгінген күні: 19.04.2023.

29 Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270>. Жүгінген күні: 21.04.2023.

30 Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372 Заңы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372>. Жүгінген күні: 21.04.2023.

31 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000894> Жүгінген күні: 21.04.2023.

32 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі №423 қаулысы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423/links>. Жүгінген күні: 21.04.2023.

Қосымша 1

Қызылорда облысы Қазалы ауданының елді мекендері

1. Абай (Қазалы ауданы)
2. Ажар (ауыл)
3. Алтай (Қызылорда облысы)
4. Аранды
5. Ақсуат (Қазалы ауданы)
6. Ақтан батыр ауылы
7. Бірлік (Бірлік ауылдық округі)
8. Бірлік (Майлыбас ауылдық округі)
9. Байқожа
10. Басықара (ауыл)
11. Бекарыстан би ауылы
12. Бозкөл
13. Жалаңтөс батыр ауылы
14. Жанкент (ауыл)
15. Жанқожа батыр ауылы
16. Жұбан
17. Кәукей
18. Көбек (Қызылорда облысы)
19. Лақалы (Қызылорда облысы)
20. Майдакөл
21. Майлыбас
22. Мұратбаев (Қызылорда облысы)
23. Мәдениет (Қазалы ауданы)
24. Ойынды
25. Пірімов
26. Сарыбұлақ (Қызылорда облысы)
27. Тапа
28. Тасарық (Қызылорда облысы)
29. Тасөткел (Қызылорда облысы)
30. Түктібаев
31. Шилі (Қызылорда облысы)
32. Шитүбек (Қызылорда облысы)
33. Шәкен
34. Шөлқұм
35. Қазалы
36. Қожабақы
37. Қожақазған
38. Үйрек (ауыл)
39. Әйтеке би кенті
40. №101-[теміржол айырығы](#)
41. №102-[теміржол айырығы](#) (Қызылорда облысы)
42. №99-[теміржол айырығы](#)

Қосымша 2

Жер қоры

№	Қала, кент және ауылдық округ атауы	Аумағы (гектар)
1	Әйтеке би кенті	30935,95
2	Қазалы қаласы	4139
3	Ақжона ауылдық округі	28595
4	Алға ауылдық округі	74663,95
5	Аранды ауылдық округі	92657,5
6	Арықбалық ауылдық округі	98519,9
7	Басықара ауылдық округі	17720
8	Бозкөл ауылдық округі	650489
9	Бірлік ауылдық округі	11000
10	Қарашеңгел ауылдық округі	46730,1
11	Көларық ауылдық округі	30737
12	Құмжиек ауылдық округі	346450
13	Қызылқұм ауылдық округі	829889,2
14	Майдакөл ауылдық округі	116586
15	Майлыбас ауылдық округі	348595
16	Ғ. Мұратбаев ауылдық округі	98158
17	Өркендеу ауылдық округі	68342
18	Сарбұлақ ауылдық округі	192902,4
19	Сарыкөл ауылдық округі	165731
20	Тасарық ауылдық округі	78672
21	Шәкен ауылдық округі	330132
Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [15]		

Қосымша 3

Демография

№	Қала, кент және ауылдық округ атауы	Халық саны
1	Әйтеке би кенті	44576
2	Қазалы қаласы	7387
3	Ақжона ауылдық округі	1062
4	Алға ауылдық округі	1820
5	Аранды ауылдық округі	2041
6	Арықбалық ауылдық округі	1628
7	Басықара ауылдық округі	1137
8	Бозкөл ауылдық округі	957
9	Бірлік ауылдық округі	758
10	Қарашеңгел ауылдық округі	1598
11	Көлалық ауылдық округі	1520
12	Құмжиек ауылдық округі	1630
13	Қызылқұм ауылдық округі	1203
14	Майдакөл ауылдық округі	2865
15	Майлыбас ауылдық округі	1950
16	Ғ. Муратбаев ауылдық округі	1576
17	Өркендеу ауылдық округі	1330
18	Сарбұлақ ауылдық округі	495
19	Сарыкөл ауылдық округі	1415
20	Тасарық ауылдық округі	865
21	Шәкен ауылдық округі	704

Қазалы ауданының халық саны – 78 517 адам (*оның ішінде ерлер – 39 913, әйелдер – 38 604*).

Оның ішінде жекелеген этностар бойынша:

- қазақтар – 78 222;
- орыстар – 186;
- басқа ұлт өкілдері – 109.

Тұрғын үй саны – 14 990. Отбасы саны – 15 955.

Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [16]

Қосымша 4

Шағын және орта кәсіпкерлік

№	Көрсеткіш атауы	2022 жыл	НКИ
			%
1	Тіркелген субъектілер саны, бірлік	6 121	112,6
	<i>оның ішінде:</i>		
	заңды тұлғалар	306	101,3
	жеке кәсіпкерлер	4 189	126,6
	шаруа қожалықтар	1 626	89,2
2	Жұмыс істеп тұрған субъектілер саны, бірлік	5 917	115,1
	<i>оның ішінде:</i>		
	заңды тұлғалар	241	107,6
	жеке кәсіпкерлер	4 073	130,5
	шаруа қожалықтар	1 603	89,4
3	Салада жұмыспен қамтылғандар саны, адам	9 710	102,9
	<i>оның ішінде:</i>		
	заңды тұлғалар	1 662	97,2
	жеке кәсіпкерлер	5 723	111,3
	шаруа қожалықтар	2 325	89,9
4	Өнім шығарылымы, млн. теңге	14 161	114
	<i>оның ішінде:</i>		
	заңды тұлғалар	8 961	139
	жеке кәсіпкерлер	3 140	104
	шаруа қожалықтар	2 060	134
5	Бөлшек сауда айналымы, млн. теңге	10 720,3	104,5
Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [17]			

Қосымша 5

Ауыл шаруашылығы

№	Көрсеткіш атауы	2022 жылы	НКИ, %
1	Ауыл шаруашылығының жалпы көлемі, млн. теңге	21229,2	100,4
	<i>оның ішінде:</i>		
	егін шаруашылығы	10152,9	98,2
	мал шаруашылығы	10796	102,7
	Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (тірідей салмақта), тонна	6981,8	103,2
	Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (сойыс салмақта), тонна	3790,31	102,6
	Сауылған сиыр сүті, тонна	16677,7	101,8
	Алынған тауық жұмыртқалары, мың дана	738,4	101,8
2	Мал басы		
	<i>оның ішінде:</i>		
	ірі қара мал	43745	104,9
	<i>оның ішінде: сиыр</i>	19958	104,4
	қой	53790	99,5
	ешкі	37599	103,1
	жылқы	44027	111
	түйе	12640	110,9
	құстар	7924	83,9
3	Егілген егіс көлемі, гектар	17 402	101,8
	Дәнді дақылдар	6772	98,9
	<i>оның ішінде:</i>		
-	күріш	6361	96,5
-	бидай	303	132
-	арпа	78	100
-	тары	30	100
	Майлы дақылдар	263	4 есе
	Картоп	330	110
	Көкөніс	970	107,8
	Бақша	1064	101,3
	Жаңа жоңышқа	2712	102,7
	Көне жоңышқа	4691	100

	Сүрлем жүгері	600	100
4	Өндірілген өнім, тонна	73 900,5	97,8
	бидай	178	4 есе
	күріш	21 008	71
	тары	67,6	109
	арпа	38,9	100
	майлы дақылдар	111	3 есе
	картоп	4851	112,1
	көкөніс	12 242	110,9
	бақша	16 386	105,9
	ескі және жаңа жоңышқа	13 839	2 есе
	сүрлем жүгері	5179	101,9
5	Экспортталған өнім, тонна	4979,1	124,9
	Балық	893,7	127,6
	Ақталған күріш және күріш жармасы	3374,3	108,3
	Қамыс	711,1	417,6
Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [18]			

Қосымша 6

Жұмыспен қамту

№	Көрсеткіш атауы	2022 жылы
1	Экономикалық белсенді халық саны	35894
2	Жұмыспен қамтылғандар	34112
	<i>оның ішінде:</i>	
	жалдамалы қызметкерлер	17067
	өз бетінше жұмыспен қамтылғандар	17045
3	Жұмыссыз халық саны	1782
4	Жұмыссыздық деңгейі, %	5
5	Жұмыссыз ретінде тіркелгендер	7798
	оның ішінде жұмысқа орналасқандар	4113
6	Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар	17174
7	Ашылған жұмыс орындары	3157
	<i>оның ішінде:</i>	
	тұрақты	1149
	уақытша	2008
8	Атаулы әлеуметтік көмек алушылар	
	<i>оның ішінде:</i>	
	адам саны	1283
	отбасы саны	238

Ескертпе – автор дереккөз негізінде құрастырған [19]